

**Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі "КҮЗЕТ" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Барыс" еншілес мемлекеттік кәсіпорнын тарату туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 сәуір N 446

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі "КҮЗЕТ" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Барыс" еншілес мемлекеттік кәсіпорнын тарату туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі "КҮЗЕТ" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі N 485 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 15, 157-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшадағы реттік нөмірі 20-жол алынып тасталсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*